

І ТУЫ

ТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ноябрь Сенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Совет елінің жас жігіттері мен қыздары! Ғылымды, техниканы және мәдениетті меңгеріңдер! Табанды, батыл болыңдар, қыйыншылықтардың қандайын болса да жеңуге даяр тұрыңдар! Өз еңбектеріңмен совет халқының коммунизм құрылысындағы табыстарын көбейте беріңдер!

Біздің даңқты совет жастары жасасын!

(СОКП Орпалық Комитетінің Улы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығына арнаған ұрандарынан).

ялары

удан комсомол ұйы-
ті талапқа сай жақ
басшылық жасай
сомол ұйымдарын
асыз етпеді. Аудан-
і комсомол ұйымы-
міндеттерді жүзеге
ивіне сүйенбеді, ол
рыс пайдалана біл-
комитет және оның
дас бастауыш ком-
өл үзуге айналды.
д ауданның комсо-
дәрежесі мүлде те-
еген бастауыш ком-
дәрежеде нығайтыл-
ны көптеген колхоз
изаторлар комсомол
Ауданда комсомол
мдастыруда да елеу
беріліп келеді.
авл, Октябрь аудан
мдары жұмысының

Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау күресі



Шағын двигательдер зауытының жұмысшылары бұл күндері жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін қажырлықпен күресуде. Зауыттағы озат жұмысшылардың бірі токарь Я. Тимофеев жолдас тапсырманы үнемі 200 проценттен орындап, өнімде ешбір ақау жібермей коллективтің табысына келелі үлес қосуда.

СУРЕТТЕ: токарь Я. Тимофеев жолдас.

Суретті түсірген Р. Розенштейн.

Олар бесінші бесжылдықты орындады

рган комсомол кон-
ғы бұл сыяқты жә-
батыл ашуға тиіс.
омсомол комитеттері
арыларының жұмы-
н кемшіліктерді ба-
пкітер мен қателік-
тылы ұсыныс енгіз
айғы уақытта ком-
ыстарын жақсарту-

Мал азығын ұқсатып жұмсау туралы

Малды қыстан күйлі шығаруда және оның өнімділігін арттыруда қолда бар жемшөп қорын ұқыпты жұмсаудың маңызы ерекше зор. Барлық фермаларда жемшөпті үнеммен жұмсап, малды бір келкі азықтандырып отыру қажет.

Біздің облысымыздың жағдайында малдың негізгі азығы — жабайы жемшөп. Сондықтан мұндай мал азығын малға өңдеп, ұқсатып берген жөн. Бұл — қолда бар мал азығын үнеммен жұмсаумен бірге, оның құнарлылығын үнемі арттырып отыру қажет деген сөз. Тек осы жағдайда ғана малды қыстан күйлі және шығынсыз алып шығуға болады.

Егіннің сабаны — бағалы мал азығы. Бірақ, егіннің сабанын толық пайдалану үшін оны малға турап, ұсақтап беру керек. Ал, сабанды жабайы күйінде малға бергенде оның едәуірі пайдаланылмай аяқ астында қалып қояды. Тұралып, жұмсартылып берілген сабанды малдың сүйсініп жейтіні мәлім. Олай болса, барлық фермаларда сабан сыяқты мал азығын ұсақтап, турап пайдалану қажет.

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында сабан сыяқты жабайы мал азығын ұсақтап тұрайтын және оны жұмсартатын арнаулы машиналар бар. Мал өсірушілер осы машиналарды түгел іске қосып, сабанды малға жұмсартып құнарлылығын арттырып берулері керек.

Сабанды малға турап бергенде мына шартты мықтап есте ұстау қажет. Енал-

литр су кетеді. Суды бірдеп құймай, сабанды араластыру үстінде әлсін-әлсін боліп құйған жөн. Бұл сабанды жұмсартып, малға беру ісін тездетіп, сапасын арттырады.

Сабан жұмсартатын жамбылар әрқашан таза тұруға тиіс. Сабанды жұмсартқаннан кейін және жұмсартар алдында жамбыны базықтан, сол сыяқты, көң-қоқыстан тазартып отырған жөн. Қысқы маусымда жамбының мұздап қатуына жол бермеу керек. Бұл үшін жамбыны үнемі жылы жерде ұстау қажет.

Сабанды және басқа да жемшөпті осылай ұқсатып беру малдың шығынсыз өсіп, оның өнімділігінің өскелеп арттырылуына қолайлы жағдай жасайды. Сондықтан мал өсірушілер бұл мәселеге жете назар аударып, оны үлгілі ұйымдастыруға тиіс.

Малды мезгілінде және дұрыс азықтандыру — мал қыстатуды үлгілі өткізудің негізгі шарты. Осыған сәйкес жемшөпті ұқыпты жұмсаумен бірге, оның әрбір түрін малға мезгілінде және рет-ретімен беру керек. Қысқы маусымда малды күйлі өсіріп, одан өнімді көп алуға мұның шешуші маңызы бар. Әрбір фермада малды азықтандырудың, оған қай уақытта қандай жемшөп берудің арнаулы графигі болуға тиіс. Малға ең алдымен шөп, сабан сыяқты жабайы азықтарды беру керек. Ал, құнарлы және концентратты мал азығын мұнан кейін, белгілі бір уақытта берген жөн.

тия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары да комсомол ұйымдарының жұмысына жете назар аударып, олардың жұмысын жақсартуға бағытталған қажетті шараларды кезінде жүзеге асырып отырды.

Бірақ, барлық аудандарда бірдей комсомол ұйымдарының жұмыстары осы дәрежеде ойдағыдай ұйымдастырылған дей алмаймыз. Комсомол мүшелерін өндірістік жұмыстарға белсене қатынастыруда, олардың оқуында, сол сыяқты, комсомол ұйымдарының комсомолда жоқ жастар арасындағы жұмысында әлі де елеулі кемшіліктер орын алып келеді. Бұл жөнінде Преснов ауданы комсомол ұйымын айырықша атап өтуге болады. Преснов аудандық комсомол комитеті және оның бірінші секре-

тисі, аудандық комитеттер және олардың орын тебу себептері комсомол конференцияларында батылырақ сыналуда тиіс.

Комсомол конференцияларында комсомолдың басшы органдары сайланады. Делегаттар комсомолдың басшы қызметіне қолынан іс келетін және сауатты, комсомолетер мен жастар арасында беделді озат комсомол қызметкерлерін сайлауға баса назар аударуға тиіс.

Комсомолдың күші—оган біздің партиямыздың басшылық жасайтындығында. Демек, аудандық партия комитеттері комсомол конференцияларының жұмысына нақтылы басшылық жасап, ол конференциялардың идеялық жағынан жоғары дәрежеде өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

Сталиндік сыйлықтың лауреаты Муштукованың сменасы

ЛЕНИНГРАД, 13 ноябрь. (СОТА). Бүгін Сталиндік сыйлықтың лауреаты О. Я. Муштукова басқарған үлгі пішушілер сменасы жоспардан тыс 700 парға жуық үлгі әзірлеп, тапсырманы мерзімінен бұрын орындады. Ондаған пар үлгілер үнемделген материалдар есебінен әзірленді.

Муштукова жолдас екі жылдың ішінде «Скорород» фабрикасының 100-ге жуық

жас өндірісшілерін еңбектің озат әдістеріне және үлгілерді тиімді пішуге үйретті.

Муштукова жолдасының сменасындағы үлгі пішушілер партияның XIX съезінің қарарларын орындай отырып, үнемшілдік тәртібін сақтау жолындағы күресті күшейте түсті. Үстіміздегі жылы бұл сменаның үнемдеген материалы жоспардан тыс 30 мың пар аяқкиім дайындауға жетеді.

Жас шахтерлерге арналған жаңа мектептер

РСФСР оқу министрлігі 1953 жылы Красноярск, Приморье және Хабаровск өлкелерінің, Москва, Иркутск, Кемеров, Молотов, Ростов, Сахалин, Свердлов, Тула және Челябинь облыстарының жас шахтерлері үшін жалпы білім беретін 48 жаңа мектеп ашу жөнінде қарар қабылдады.

Қазіргі уақытта Россия Федерациясының қалалары мен жұмысшы поселкелерінде 3 мыңға жуық мектептер бар, оларда өндірістен қол үзбестен 600 мыңға жуық жас жұмысшылар мен қызметшілер оқиды.

(СОТА).

Чайдың қысқа төзімді сорттары

ЧЕРНИГОВСКОЕ (Краснодар өлкесі), 13 ноябрь. (СОТА). Сталин атындағы колхоздың чай плантациялары Бас Кавказ жотасының солтүстік алқабына орналасқан. Ол плантациялар қар түскеннен кейінгі 35 градусық және қар түспеген кездегі 24 градусық аяздарға төзе береді. Чай

өсімдіктерінің осындай аяздарға шыдауымен қатар, олар мұндай жағдайда өсе де береді. Бұл жерде чайдан алынған мол өнімдер еліміздің жаңа аудандарының чай плантацияларында етуге арналған.

Ауданның колхоздарында чай ету көлемі быйыл 45 гектарға дейін арттырылады.

шығару бригадасы» атағын алу үшін өзара социалистік жарысқа түсті. Бұлардың ішінен 30 бригада алған міндеттемелеріне сәйкес өнім сапасын жақсарту жөніндегі қойған талаптарды ойдағыдай орындауда. Заводтың басшылары тарапынан өнім сапасын жақсарту жөніндегі бригадаларға басшылық күшейді.

Өнім сапасы үшін күрес— басты міндет

Совет Одағы Коммунистік партиясы XIX съезінің тарихи қарарлары, Сталин жолдасының съезде сөйлеген сөзі мен данышпандық еңбегі Отанымыздың экономикалық қуатын және қорғанышпаздық күшін бұрынғыдан да арттыра беру үшін совет адамдарын жаңа ерлік істерге жұмылдыруда. Бесінші бесжылдықта өнеркәсіп өнімінің мөлшері мейлінше арттырылумен қатар, өнімнің ассортименті көбейтіліп, сапасы бұрынғыдан әлде қайда жақсартылатын болады.

Өнім сапасын жақсарту үшін күрестің халық шаруашылығын өркендете беруде орасан зор маңызы бар. Партиямыздың XVII съезінде жасаған есепті баяндамасында И. В. Сталин жолдас өнеркәсіпті дамыту жөніндегі міндеттерімізді белгілей келіп: «Жасалып жатқан товарлардың сапасын оңдау, комплекті түгел емес өнім шығаруды тоқтату, өнімнің сапасы және оның комплекті түгел болуы жайындағы совет өкметінің заңдарын бұзған, орындамаған жолдастардың бәрін де бетбеделіне қарамастан жазалау» қажеттігін атап көрсеткен болатын.

Біздің облысымыздағы өнеркәсіп орындары да өнім сапасын жақсартуда бірталай жұмыстар істеді. Алайда, әл-ауқат тұрмысы жақсарып, мәдениет дәрежесі мейлінше өскен адамдарымыздың талаптары тұрғысынан, партияның XIX съезі директиваларының тұрғысынан қарағанда облысымыздың бірсыпыра кәсіпорындары шығарып отырған өнімнің сапасы әлі де төмен, ассортименті жеткіліксіз. Кейбір кәсіпорындарының басшылары өнім-

дас басқарған бригада 100 процент жоғары сапалы өнім беру ісіне жетісті.

Заводтың кәсіподақ комитетінің қаулысы бойынша өнім сапасын жақсартуда елеулі табыстарға жеткені үшін 6 бригадаға ақшадай сыйлықтар берілді.

М. ШАЛҚАРОВ.

дасың съезд сөйлеген данген «Баян» ны) колхозның үлгілі. Мұнда қорқытық жемсыз етілген.

нің сапасын үнемі қадағалап отырмайды, бақылау қоймайды, өнімнің сапасы мен ассортиментін бақылауға тікелей міндетті техникалық бақылау бөлімінің жұмысына әрдайым көңіл бөлмейді, оған ойдағыдай көмектеспейді, нақтылы басшылық жасамайды.

Облысымыздың кәсіпорындарында өндірістік тапсырманы мерзімінен бұрын орындаумен бірге, мінсіз жоғары сапалы өнім беріп жүрген таңдаулы стахановшылар жүздеп саналады. Октябрь революциясы атындағы былғары заводының тері өңдеушілері Айбалинов пен Волкова, А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының мастері Ыбраев, бесжүзшіпаровозшылар Прудкий, Слюнько, шойын құю заводының үлгі құюшысы Жүзенов, слесарі Ударцев, шағын двигателдер заводының станоктар жөндеушісі Борисов еңбек өнімділігін еселеп арттырумен қатар, үнемі мінсіз сапалы өнім беруде. Ал, мұндай озаттар әрбір кәсіпорнында оңдап, жүздеп саналады. Бірақ, кемшілік мынада болып отыр: мінсіз жоғары сапалы өнім беру жөніндегі стахановшылардың үздік әдістері жыйпақталмайды, зерттелмейді, озаттардың тәжірибелері насихатталмайды. Бұған аяқкиім фабрикасының жұмысы толық дәлел бола алады. Фабрика басшылары өнім сапасы жөніндегі мемлекеттік тәртіпті өрескел бұрмалағандықтан, оның сорттылығын өз беттерімен өзгертуі салдарынан өндірісте жіберілген ақаудан мемлекетке 300 мың сомға жуық зиян келтірілген.

Нан комбинаты беретін өнім сапасы-

ның қанағатсынға алынғын өнімнің тілегін қанағат комбинат басшы партиған әділ сын қорытынды і

Нан комбинаттанғысы Оның себебі:

лективте социал мәселесіне жарыстың адам және еңбекнің аңғармай науқан есебі революциялық реке күні гадуманға айналды социалдік Отанға ган мемлекетарттыра бері тұрмысын, м беруге бағыт қайраттың ж салтанат күрдың шексіз деп қарамай

Социалистілік— социал ішіндегі жүздімызды жаңа ратып, рухта саяси белсенді бейтіндіктен мән бермеуші орындамаушы мендеуіне әке Социалисті

МЫСЫ

ІН ЖЫЙНАЛЫСЫ

еткіліксіз
ла жү-
ерзімдері
ылықты
нығай-

Артель
а күрес

нң өнім-
онан әрі
зор мін
аброймен
ымдары-
дарының
басшы-
дерек.

е партич
гру жа-
жайы
у жөнін-
ашылық

партия-
дің да-
Бұл
тің және
сеңділігі

Партия
ы, орна-
і Сталин
асыруға
партия
күмісты

Мұнда
басшы
бас-

рлары-
рліді.
партия,
қарарла-
п отыра-

огиялық
жоюды

тыруда жергілікті Советтердің зор роль атқаратынын айта келіп, қалалық Совет атқомінің жұмысындағы елеулі кемшіліктерді батыл сынады.

—Барлық жұмысшыларды және барлық шаруаларды мәдениетті және білімді ету жөніндегі сталиндік нұсқау, —деп қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Бергелсон жолдас. —елімізде мүлтіксіз жүзеге асырылуда. Қаланың оқу орындарының жалпыға бірдей жетілуіне бітім беру жөніндегі заңды орындауда зор табыстарға ие болғаны даусыз. Алайда, оқу жұмысын ұйымдастыруда көп кемшіліктер бар. Мектептердің саны жеткіліксіз. Кейбір мұғалімдер сабақты нашар береді. Осы сияқты, ата-аналар мен туысқандар арасындағы жұмыс ойдарыдай емес. Партия ұйымдары мектептердегі оқу-тәрбие жұмысына ерекше назар аударулары керек.

Облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Рымжанов жолдас өзінің сөзінде қала партия ұйымындағы идеологиялық жұмыстың жайына тоқталды. Ол көп жерлерде партия оқуы және саяси үгіт формальді түрде жүргізіліп отырғанын айтып, нақтылы мысалдар келтірді. Жаңа оқу жылында алғашқы сабақтар көп жерде өтпеді. Қалада үш мыңнан астам үгітшілер бар. Бірақ, бұлардың жартысына жуығы бұқара арасында ешқандай жұмыс жүргізбейді. Идеологиялық жұмыстың дәрежесі төмен болуы, еңалдымен, бастауыш партия ұйымдары секретарьларының жұмыстың бұл участогіне жете басшылық жасамауларынан болып отыр.

ҚКН қалалық комитеті партия қызметгерлерінің іскерлік қаблетін арттыру мәселесін көбіне ұмыт қалдырады. Идеологиялық жұмыстар жөніндегі қаулы, қарарлардың орындалуын тексермейді. Бір мысал осы жылы астана аймағында өткізілген жұмысшылардың 35 жылдығына арналған митингінің өткізілуіне қатысты. Митингтің өткізілуіне қатысты қалалық комитеттің ештеңе де ойлап қалмағаны айтылды.

Шетелдерде Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығын мерекелеу

Бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығын кеңінен атап өтті.

Әресе халықтық демократияның европалық елдерінде, Қытай Халық Республикасы мен Герман Демократиялық Республикасында даңқты мерекені ерекше салтанатпен және қуанышпен мерекеледі. Халықтық-демократия елдерінде 7 ноябрьден көп бұрын Ұлы Октябрь құрметіндегі қуатты еңбек жарысы кеңінен өрістеді. Жүздеген және мыңдаған кәсіпорындар мен құрылыстардың коллективтері айлық және тоқсандық өндірістік жоспарларын мерзімінен бұрын орындауға, өнім шығаруды көбейтіп, оның сапасын жақсартуға, жоспардан тыс мемлекетке көптеген қор жыйнауға зор ынтамен міндеттемелер алды. Даңқты дата алдында еңбекшілер Октябрь мерекесі қарсаңындағы жарыстың қорытындыларын шығарды. Олар халықтық өкметке социализм орнатудағы жаңа табыстары туралы мақтаншыпен рапорттар беріп, өздерінің бақытты болашағы үшін, берік және баянды бейбітшілік үшін алдағы уақытта жанаямай еңбек етуге әзір екендіктерін мәлімдеді.

Бұл күндері Польшаның, Чехословакияның, Венгрияның, Румынияның, Болгарияның, Албанияның, жаңа Қытайдың, Герман Демократиялық Республикасының халықтары Совет Одағына, бүкіл прогресшіл адамзаттың ұлы көсемі И. В. Сталинге деген өздерінің жалынды сүйіспеншілігі мен берілгендігін тағыда дәлелдеді.

Қытайда, Польшада, Чехословакияда, халықтық демократияның тағы басқа елдерінде Совет Одағының табыстарына арналған көрмелер ашылды, совет кинофильмдерінің фестивальдері өткізілуде, ССРО-да коммунизм орнату туралы лекциялар мен баяндамалар ұйымдастырылуда. Барлық жерде бірдей Ұлы Октябрьдің

жасасын!», «Сталин жасасын!», «Қытай-совет достығы жасасын!» деген ұрандармен И. В. Сталин жолдасқа құттықтау телеграмма қабылдады.

Қытай Халық Демократиялық Республикасының басқа қалаларында да мерекелік жыйналыстар мен митингтер болды. Монгол Халық Республикасында да Ұлы Октябрь мерекесіне байланысты бүкілхалықтық мейрамдар болды.

Ұлы Октябрьдің 35 жылдығын Польша еңбекшілері кеңінен атап өтті. Варшавада салтанатты мәжіліске Польшаның бірлескен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің председателі Б. Берут, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшелері, үкмет мүшелері, Ю. Циранкевич, Польшаның маршалы Қ. Рокоссовский, офицерлер мен генералдар, астаналық кәсіпорындар мен жаңа құрылыстардың еңбек озаттары, ғылым мен мәдениет қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығы туралы баяндаманы Польшаның бірлескен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің секретары А. Завадский жасады. Баяндамашының ССРО құрметіне, Совет Одағының Коммунистік партиясы мен ұлы Сталиннің құрметіне уран көтерген қорытынды сөздерін жыйналғандар ду овациямен және «Сүйікті Сталиннің даңқы арта берсін!» деген уранмен қарсы алды.

Прагада көп адам қатысқан мерекелік митингке чехословак халқының совет халқына жазған хаты қабылданды. Бұл хат Чехословакияның барлық облыстарын басып өтетін «Достық пен бейбітшілік жолдамасы» эскафетасына қатысушылар тобына салтанатпен тапсырылды, олар мұны чехословак совет шекарасына дейін әкеліп, Совет Одағының өкілдеріне тапсырады.

Румынияның астанасы Бухаресте Ұлы Октябрьдің 35 жылдығына арналған митингтің өткізілуіне қатысты қалалық комитеттің ештеңе де ойлап қалмағаны айтылды.

ған салтанатты жыйналыстар өткізілді. Жыйналыстарда сөз сөйлеген шешендер Ұлы Октябрьдің халықаралық маңызын атап көрсетті, Совет Одағының орасан зор табыстары туралы, халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты сақтау және нығайту жолындағы күрестегі оның жетекшілік ролі туралы айтты.

7 ноябрь күні кешке Париждың Қысқы велодром үйінде Париж еңбекшілерінің 30 мың адам қатысқан митингісі болды. Трибунаға Жак Дюкло, Огюст Лекер, Франсуа Вийу, Этьен Фажон, Раймон Гюйо, Леон Мов», Француз Компартиясының тағы басқа басшы қайраткерлері және жалпы еңбек конфедерациясының, француз әйелдері одағының, тағы басқа демократиялық ұйымдардың басшылары шықты, олардың трибунаға шығуын жыйналған жұрт қызу құттықтады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығы туралы баяндаманы Жак Дюкло жасады. Жыйналысқа қатысушылар совет халқы мен ұлы Сталинге жазылған құттықтау телеграмма қабылдады.

«Францияның жұмысшы табы мен халқы, —делінген телеграммада, — Ұлттық тәуелсіздік және демократиялық бостандықтар туын көтеруде — олар империалистік соғыс өртің тұтандырушыларға қызмет етуші үкметтің заговорын күйретеді. Олар бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау үшін табандылықпен күреседі».

Ұлы Октябрьдің 35 жылдығын мерекелей отырып, капиталистік елдердің еңбекшілері халықтардың алдағы болатын бейбітшілікті қорғау Конгресіне әзірлікті бұрыңғыдан да гөрі күшейтті.

Бірқатар елдерде, мысалы, Англияда, Бельгияда, Италияда ССРО-мен достықты нығайту жөніндегі Қоғамдар бұл күндері айлықтар өткізуде, бұл айлықтардың ба-

және сол сияқты кейбір кәсіпорындарының жұмысты нашар істеуі, еңалдымен, сол кәсіпорындарында ішкі мүмкіншіліктердің толық пайдаланылмауынан болып отыр. Ал, қалалық партия комитеті мен қалалық Совет аткомі өнеркәсіп жұмысының орта көрсеткіштерімен қанағаттанғын, мемлекеттік жоспарды орындамайтын кәсіпорындардың басшыларына қатаң талап қоймайды.

Бобров жолдас өзінің баяндамасында облыс ауыл шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстарды баяндай келіп, ауыл шаруашылығына басшылық жасаудағы елеулі кемшіліктерге тоқтады. Совхоздар мен МТС-тердің трактор және

тарихи документтерді кеңінен түсіндіру жөнінде бұқара арасында 50-ден астам үгітті және бірнеше баяндамашылар жұмыс істеп жүр.

Комбинаттың жұмысында кемшіліктер болғандығын мойындау керек. Осының салдарынан жылдық жоспарды орындау ісі қиындады. Дегенмен, партия ұйымы коллективтің күн санап өсіп отырған белсенділігін қолдай отырып, жылдық жоспардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомі председателінің орынбасары Свиринник жолдас өзінің сөзінде шаруашылық және мәдени құрылыс саласындағы міндеттердің орындалуын ұйымдас-

ты. Митингте сөз сөйлеген қытай-совет достығы Қоғамының Шанхайдағы бөлімшесі председателінің орынбасары Пань Хань-нянь жыйналғандарды совет халқынан үйренуге, оның озат тәжірибесін меңгеруге, Қыыр Шығыстағы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің тірегі — Совет Одағы халықтарымен қытай халқының достығын нығайтуға және кеңейте беруге шақырды.

Митингке қатысушылар зор өрлеу үстінде ду қолшалақтаумен «Мао Цзе-дун

ЛОНДОН, 9 ноябрь. (СОТА). Кеше Лондонның ең үлкен залдарының бірі — Эмпресс-Холлда Ұлы Октябрь социалистік революциясына арналған митинг болды, митингке 7 мың адам қатысты. Ағылшын-совет достығы қоғамы ұйымдастырған осы митингімен ағылшын-совет достығының айлығы ашылды.

Председательдік етуші Джон Платтс-Миллис митингті аша келіп, Мәдениет байланысының бүкілодақтық қоғамынан келген құттықтауды оқыды, митингке жыйналғандар бұл құттықтауды ду овациямен қарсы алды.

Жыйналғандар «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты Моника Фельтонның сөзін ду овациямен қарсы алды, ол жыйналғандарды ұзақ және баянды бейбітшіліктің негізі болып табылатын Совет Одағымен достықты және өзара түсінісуді нығайту үшін барлық мүмкіндіктерді жасауға шақырды.

Митингке қатысқан Великобританиядағы ССРО-ның уақытша елшісі Белоховстикова 124 кәсіподақ ұйымдарымен тағы басқа ұйымдардың жүздеген мың мүшесірі қуаттаған декларация тапсырылды. Митингке қатысушылар бұл декларацияны бірауыздан мақұлдады, декларацияда былай делінген:

«Біздің халқымыздың бейбітшілігі мен

ның «Унита» газеті, — циясын кәзіргі замандұлы уакыйғасы деп балықтар үшін болашақдың бостандығы мен талуына және ойдағыда зор дәрежеде мүмкін оқыйға деп бағалап к

Италияның, Франци Уругвайдың, Швецарның, Финляндияның, басқа елдердің қалалалық партиялар мен ұй

бақытып өзіне қайта Англия мен Совет С жақсы қатынастарды барлық күш- жігерді есептейміз. Сондықтан арасындағы достық ай және халықаралық үшін және ұзақ мерзін жасауды қамтама жыйырма жылдық ме не одақ туралы догов шын және совет үк тікелей келіссөздер ж мыз».

«Халықтар арасында нығайтқаны үшін» Хадік сыйлықтың ла соборының настоятелі өзінің сөзінде Сталин құрылыстың алып қ еңбекшілердің тұрмыс жақсаруы ССРО-ның луының ең жақсы дә деген сөзін жыйналға

Великобританиядағы ша елшісі Белоховсти сушыларды және о британиядағы Совет достарын құттықтады, тысушылар ду қол ш алды.

Митингтің соңына компартиясының ба Поллит сөз сөйледі.

Ұйымшылдықпен өтуде

Тоқшын совхозы (Полудень ауданы) партия ұйымында партия оқуының жаңа оқу жылы ұйымшылдықпен өтуде. Быйыл совхоздың орталығында және № 2, № 3 фермаларда партия тарихын үйренетін жоғары типті үйірмелер жұмыс істейді. Оқу жылы басталғалы үйірмелердің сабағы белгіленген күндерде тыңдаушылардың толық қатысуымен өтуде. Үйірме тыңдаушылары программадан тыс ұйымдастырылған қосымша сабақтарда болып, партияның XIX съезінің материалдары және Сталин жолдасының тарихи сөзін оқып үйренуде.

Совхоз орталығындағы партия тарихын үйренетін жоғары типті үйірмеде 12 коммунист және 3 комсомолец оқыйды. Бұлардың барлығы да сабаққа толық әзірлікпен келіп, әңгімеге белсене қатынасады. Коммунистер Приходько және Аверченко жолдастар соңғы бір өткен сабақта Россияда марксизмнің таралуы туралы әңгімеге белсене қатысып, өткен материалдар бойынша терең білім алғандықтарын байқатты. Бұл үйірменің тыңдаушылары үш рет қосымша сабақтарда болып, партияның XIX съезінің материалдарын үйреніп жүр.

Б. ЖАҚЫПОВ.

САЯСИ ҮГІТТІҢ ӘСЕРІ

Быйыл Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелінің (Преснов ауданы) мүшелері И. В. Сталин жолдасқа жазған хатта қабылдаған міндеттемелерін орындау жолында қажырлы еңбек ете отырып, қоғамдық шаруашылықты нығайтуда айтарлықтай табыстарға ие болды. Колхоз бітігі егін өсіріп, мол өнім жыйнады. Мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мал басын өсірудің жылдық жоспары толық орындалды.

Бұл табыстардың үйіткісі — колхоз партия ұйымы болды. Партия ұйымы колхозшы шаруалар арасында саяси үгітті кеңінен өрістетті. Сөйтіп, колхозшы шаруаларды социалистік жарыста алған міндеттемелерді орындау жолына жұмылдыра білді.

Кәзір колхоз үгітшілері Луниц, Сорочкин, Малышина, Гладков және басқа жолдастар бригадалар мен мал фермаларындағы колхозшыларға партияның XIX съезінің материалдары мен көсемнің съезде сөйлеген сөзін түсіндіріп жүр. Бұл тарихи документтермен жігерленген колхозшылар мал қыстату маусымын үлгілі ұйымдастыру және келесі жылдың егісіне мұқият әзірлену үшін қажырлы еңбек етуде.

М. ӘКІМЖАНОВ.

Партия оқуының барысы туралы

Жуырда Мамлют совхозы партия ұйымының жыйналысында партия оқуының барысы туралы мәселе қаралды. Бұл мәселе жөнінде баяндама жасаған партия бюросының секретары Чешков және жарысөзде сөйлеген жолдастар совхоз партия ұйымында партия оқуы ұйымшылдықпен басталғанын атап көрсетті.

Сонымен бірге, жыйналыс кейбір насихатшылар мен үйірме тыңдаушыларының маркстік-лениндік оқуға жауапсыз қарайтынын батыл сынады. Насихатшы Щербакова жолдас үйірменің сабағына әзірліксіз келіп, кейбір теориялық мәселелерді дұрыс баяндамайды. Ол тыңдаушылардың сабаққа тслық қатысуына және өткен материалдардан концепті жасауына қатаң талап қоймайды.

Үйірме тыңдаушылары Липатов, Енинин, Омаров жолдастар оқу жылы басталғалы өткен 4 сабақтың үшеуіне қатыспады.

Партия жыйналысы насихатшылардан сабаққа үлгілі әзірленіп келуді, оны мақұнды, идеялық жағынан жоғары дәрежеде өткізуді талап етті. Өздерінің саяси білімдерін жоғарылату ісіне неғұрайды қарап жүрген коммунистерді сынга алды.

Л. МОРГУН.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс етілмесе